

Құпиясы мол Екідіңге сапар

 **Нәзира ЖӘРІМБЕТ,**
«Егемен Қазақстан»

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Сейітбек Қуанышбаев бастаған ғылыми экспедициялық топ «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында Екідің көне ескерткішіне сапар жасап қайтты. Экспедиция барысында топ мүшелері Екідің тарихи ескерткішімен танысып, жергілікті тұрғындардан оның пайда болуы жайында мәліметтер жинақтады. Торғай өңіріндегі көне заманнан қалған тарихи сәулет өнерінің ескерткіші екі құрылыстан тұрады. Оны жергілікті тұрғындар дін деп атайды. Олар бір-бірінен біршама қашықтықта түрлі төбешіктердің үстінен орын тепкен. Бірінші дін Бейсен қыстауынан солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде тұр. Қасында Қараторғай өзені ағып жатыр. Екінші дін өткел маңындағы қырда орналасқан. Алыстан жақсы көрінеді. Киіз үй тәрізді ғимарат тақтатастан салынған.

Оғыз, Қыпшақ, Қарлұқ қағанаттары кезінде кеңінен таралған мұндай құрылыстарды жау жолын карап отыратын карауыл ретінде пайдаланған дейді жергілікті тұрғындар. Экспедиция жетекшісі Сейітбек Қуанышбаевтың айтуынша, бұл ескерткішке 1959 жылы академик Әлкей Марғұлан бастаған археологтер зерттеу жүргізіп, ежелгі құрылыстың ерте темір дәуіріне тән екенін дәлелдеген. Ғалым Қазақстан аумағында сирек кездесетін «айтас» немесе «дін» деп аталатын киіз үй тәріздес бұл құрылыстар ерте кезде адамдар қасиеттеген орын болуы мүмкін екенін жазған. Екі дін де 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дарабоздары Әбдіғапар ханның, Амангелді, Кейкі батырлардың шолғыншы сарбаздарына да игі қызмет еткен деседі.

– Торғай даласының Сарыторғай, Қараторғай өңірі көне тарихи ескерткіштерге бай. Қазақстанның сакральды картасына осы аймақтағы бірнеше тарихи ескерткіш енгізілді. Екідіннен басқа Маятас, Махат саханасы, Қызтам, Қостам сияқты көне ескерткіштер, сонымен қатар Қараторғай өзенінің бойындағы ежелгі сақ қорымдары кейінгі кезде тарихшы-археолог ғалымдардың қызығушылықтарын оятып жүр. Соңғы жылдары сақ обалары қазылып құнды жәдігерлер табылуда, – дейді білім ордасының басшысы Сейітбек Қуанышбаев.

Институт басшылығы алдағы уақытта мұндай танымдық экспедицияларды жалғастыруды ойластырып отыр.

АРҚАЛЫҚ